

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

Конференция атауы:

«Жастар мен ғылым: бүгінгі мен болашағы» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы

Название конференции:

Сборник материалов Международной научно-практической конференции «Молодежь и наука: настоящее и будущее»

Conference name:

International Scientific and Practical Conference "Youth and Science: Today and the Future" Proceedings

Жинақ / сборник:

II том, 5 сәуір 2024, Атырау

ISBN:

978-601-262-550-9

Секция:

IV.I ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАҒДАРЫ / ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ОРИЕНТИРЫ НОВОГО КАЗАХСТАНА

Жинақтағы жариялану нөмірі:

№ 11

Мазмұндағы беті / жинақтағы беттер:

55 / 55-59

Автор(лар):

Жакупова Перизат Сағытжанқызы

Мақала атауы:

ҰЙЫМДАҒЫ ҚОРЛАР ЕСЕБІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ӘӨЖ 336.64

ҰЙЫМДАҒЫ ҚОРЛАР ЕСЕБІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жакупова Перизат Сағытжанқызы

perizatzakupova@mail.ru

6B04104 Бизнес процестерінің есебі, аудиті және талдауы ББ 3-курс студенті
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, магистр – **Альдешова С.Б.**

Қазіргі экономикалық жағдайда ұйымдар стратегиялық шешімдер қабылдауда бухгалтерлік есепке маңызды рөл беруде. Өндіріс процесі барысында түрлі шикізат пен

материалдар көп мөлшерде пайдаланылады. Олардың сақталуындағы негізгі рөлді материалдық қорлар қозғалысының барлық кезеңдеріндегі есебі мен бақылауы атқарады (сатып алу, келіп түсу, сақтау, өндіріске жіберу, өндірісте пайдалану, т.б). Материалдық қорлар есебі жабдықтаудың уақыттылығын, қоймадағы қорлар мөлшерін бақылауды қамтамасыз етуі тиіс, есепке алынбай қалған материалдарды анықтау, материалдық ресурстарды пайдаланудың дұрыстығын қадағалау, басқару мақсаттары үшін қажетті ақпараттарды дер кезінде ұсынуы тиіс.

Есептің ерекше ролі материалдық қорларды үнемдеудің бар өндірістік резервтерін дұрыс және жедел анықтаудан тұрады. Бұл резервтерді пайдалану өнімнің өзіндік құнын төмендету мен пайданы өсіруді қамтамасыз етеді. Есеп материалдық қорлардың пайдалануын жоспарлауды жақсартуға ықпал етіп, пайдаланылған қорлардың құнын өндірістік шығындарға дұрыс жатқызу мен дұрыс есептен шығаруды қамтамасыз етуі тиіс.

Осыған байланысты материалдық қорлардың есебін жетілдіру және оның жеделдігін жоғарылату өзекті қажеттілік болып табылады.

Тұтынушылардың сұраныстарын қанағаттандырудың және кәсіпорындағы таза кірісті арттырудың маңызды құралдарының бірі-тауарлы-материалдық құндылықтарды тиімді басқару. Компания клиенттің сұранысын қысқа мерзімде қанағаттандыра алатын қорлардың көлемін қалыптастыру және есепке алу оған осы тауарларға салынған қаражаттың максималды пайдасын алуға мүмкіндік береді, сондықтан тауарлы-материалдық қорларды басқару кәсіпорында қысқа мерзімді активтерді басқару саясатын әзірлеудегі маңызды кезең болып танылады, оның жаһандық мақсаты қорларға қызмет көрсету үшін шығындарды төмендету арқылы тауарды өндіруді және сатуды тоқтату қаупін азайту болып табылады. Бүгінгі таңда компанияда тауарлы-материалдық құндылықтарды басқарудың тиімді жүйесін құру қажеттілігінің өзектілігі даусыз, өйткені қоймаларда материалдар қалдықтарының болуы өнімді өндіру мен сату құнына, нәтижесінде нарықтағы өнімнің бәсекеге қабілеттілігіне әсер етеді. Сонымен қатар, тауарлы-материалдық құндылықтарды басқарудың дұрыс саясаты клиенттердің қанағаттануына әсер етпестен, тауарлы-материалдық құндылықтарға минималды инвестициялармен максималды пайда табуға мүмкіндік береді. Процесті дұрыс ұйымдастыру компанияларға активтердің, шоттардағы қалдықтардың және қаржылық есептіліктің ағымдағы жағдайын бағалауға мүмкіндік береді.

Жалпы, шаруашылық қызметтің барлық процестері материалдық қорлар қозғалысының арқасында жүзеге асырылады. Айналымның кез-келген кезеңіндегі, олардың жетіспеушілігі өндірістің үздіксіздігі мен ырғақтығының бұзылуына апарады. Сонымен қатар материалдық қорлардың артықшылығы да өндірістің тиімділігін төмендетіп, жабдықтауда шиеленіс тудырады. Өзіндік құны бойынша есепке алынатын қорлар кәсіпорынның өмірлік күші, келешек табыс пен ықтималды пайданың көзі болып табылады.

Олардың мақсаты – ақша қаражаттары мен есеп айырысудағы қаражаттарға айналу, пайда алып келу, сонымен ұдайы өндіріс процесін қамтамасыз ету.

Қорлардың есебі ҚЕҰС 12 және ХҚЕС (LAS) 2 Құндылықтар деп аталатын бөлімдерінде жүргізіледі. Құндылықтарға материалдар, сатып алынған жартылай фабрикаттар мен жабдықтаушы заттар, жанармай, сыйымдылықтар мен сыйымдылық материалдары, қосалқы бөлшектер, ұйымның қызметінде пайдаланылатын басқа да материалдар жатады. Стандарттар бойынша құндылықтар дегеніміз- олар активтер:

- қалыпты қызмет ету барысында сатылуға арналған;
- сату үшін өндірілу процесінде;
- өнім өндіру кезінде немесе қызмет көрсету барысында шикізат және материалдар

түрінде.

Осыған сәйкес құндылықтар үш түрге бөлінеді:

1. Шикізаттар мен материалдар
2. Аяқталмаған өндіріс
3. Дайын өнімдер мен тауарлар

Шаруашылық субъектілерінің қызметі барысында өздерінің өндірген дайын бұйымдары, сату үшін сатып алған тауарлары, сатып алған бірақ әзірге ұйымға келіп түспеген тауарлары (жолдағы тауарлар), аяқталмаған өндіріс, басқаларға көрсеткен қызметтері, сондай-ақ жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету барысында пайдалануға арналған қосалқы бөлшектері, отындары, ыдыс және ыдыстық материалдары, жартылай фабрикаттар және басқа да материалдары сол ұйымның материалдық қорлар түріндегі қысқа мерзімді активтері болып табылады.

Бухгалтерлік есепте қорлардың есебі 1300 бөлімшесінің шоттарында жүргізіледі:

1310 – «Шикізаттар мен материалдар» шоты

1320 - «Дайын өнімдер» шоты

1330 – «Тауарлар» шоты

1340 – «Аяқталмаған өндіріс»

1350 – «Өзге қорлар»

Бұл шоттар активті, Д-де тауарлы-материалдық қорлардың келіп түсуі, К-же жұмсалуды көрсетіледі.

Кесте 1 - Материалдық қорлар есебіне байланысты шот жазбалары

№	Шаруашылық операциясының мазмұны	Шоттар корреспонденциясы	
		Дебет	Кредит
1.	Жабдықтаушылардан шикізат пен материалдар қабылданды	1310	3310
2.	Жабдықтаушылардан өзге қорлар қабылданды	1350	3310
3.	Жеке тұлғалардан шикізаттар мен материалдар қабылданды	1310	3380
4.	Жеке және заңды тұлғалардан шикізаттар мен материалдар тегін түсті	1310	6290
5.	Шикізаттар мен материалдар есеп беруге тиісті тұлғалардан кірістелді	1310	1250
6.	Негізгі өндіріске шикізаттар мен материалдар босатылды	8110	1310
7.	Шикізаттар мен материалдар жалпы шаруашылық мақсаттарға жұмсалды	7210	1310
8.	Негізгі өндірістен дайын өнім қабылданды	1320	8110
9.	Сатып алушыларға шот ұсынылды	1210, 2110	6010
10.	Сатып алушылардан ағымдағы банктік шотқа ақша қаражаттары кірістелді	1030	1210, 2110

Бухгалтерлік есеп стандарттарында материалдық қорларды бағалаудың келесі әдістері ұсынылады: арнайы ұқсастыру әдісі, орташа күн әдісі, алғашқы сатып алынған қорлардың бағалары бойынша («ФИФО») бағалау әдісі.

Бұл әдістердің әрқайсысы алдымен ай соңындағы қалдықтарды материалдық бағалауды, одан кейін шыққан материалдық қорлардың құнын анықтауды болжайды. Соңғыларының құны кезең басындағы қорлар құнының жалпы бағасынан есеп беру кезеңінде түскен құнын қорлардың ескере отырып кезең соңындағы қорлар құнын алып тастау арқылы анықталады. Материалдарды орташа құн бойынша бағалау кезінде сол есеп беру кезінде өндірісте пайдаланылған материалдардың жалпы құны қорлардың әрбір құны бойынша орташа сатып алу бағасын материалдық сәйкес санына көбейту арқылы анықталады.

Материалдарды ФИФО әдісімен бағаланған кезінде бірінші шығарылған материалдық құнын есептен шығару көзделеді. Арнайы сәйкестендіру бойынша бағалау әдісі әдетте өзара бірін-бірі ауыстырмайтын арнайы тапсырыстар мен жобаларға арналған материалдық бірлігінің өзіндік құнын есептеуді көздейді.

Ұйым құндылықтарының бағасын бухгалтерлік есепте келесі әдістер негізінде бағаланады:

1. Арнайы сәйкестендірілген есептеу әдісі
2. Орташа өзіндік құнын есептеу әдісі
3. ФИФО әдісі

Арнайы сәйкестірілген есептеу әдісі

Арнайы сәйкестірілген есептеу әдісі әдетте бірімен бірін алмастыруға болмайтын немесе кәсіпорында ерекше тәртіппен пайдаланылатын (асыл металдардың, асыл тастардың т.б.) нақтылы бір материалдық қорлардың бағасын есептеуге арналған. Бұл әдіс жұмсалынған материалдар мен істелінген жұмыстардың нақты өзіндік құнын есептеп шығаруды көздейді. Сондай-ақ бұл есептеу әдісі сатылып алынғанына немесе кәсіпорынның өзінде өндірілгеніне қарамастан арнаулы жоспарлауға арналған материалдардың өзіндік құнын есептеуге арналған.

Орташа өзіндік құнын есептеу әдісі

Орташа өзіндік құнын есептеу әдісі бойынша кәсіпорынға кіріске алынған әрбір материалдық қорлардың бағасы олардың кіріске алынғандағы шоты бойынша бағасын анықтау мүмкін болмаған жағдайда жүргізіледі. Материалдық қорлар тобының (түрінің) орташа өзіндік құны ұйымдағы материалдардың есепті айдың басындағы қалған қалдығының құнымен ай бойы кіріске алынған материалдар құнының жиынтығын (қосындысын) материалдардың ай басындағы сандарының қалдығымен ай бойы кіріске алынған тиісті материалдардың сандарының қосындысына бөлу арқылы анықталады.

ФИФО есептен шығарылған материалдық қорларды олардың алғашқы кезекте кіріске алынғандарының өзіндік құны бойынша бағалау әдісі болып табылады. Бұл әдіс қағидасы бойынша материалдық қорлардың бірінші кезекте кіріске алынғаны, алғашқы болып, яғни бірінші кезекте шығыс етіледі деп жорамалданады. Басқаша айтатын болсақ, барлық келіп кіріске алынған материалдар бірінен соң бірі кіріске алынғандағы кезегі бойынша шығыс етіледі деп есептелінеді. Бұл жағдайда ай соңында кәсіпорынның қоймасында қалған материалдардың өзіндік құны соңғы кіріске алынған материалдардың бағасымен бағаланады.

Қорларды басқару мен бухгалтерлік есебін дұрыс ұйымдастыру тиімділігімен (көлемін, құрылымын, айналым жылдамдығын, т.б) кәсіпорындардың тағдыры, олардың қаржылық жағдайы тікелей байланысты. Осыған байланысты бухгалтерлік есеп пен бақылау материалдық қорлардың барлық түрлерінің сақталуын және тиімді пайдалануын қамтамасыз етудегі жетекші рөлді атқарады. Сонымен қатар, қорлардың саны, жағдайы, бағамдық көрсеткіштері жайлы шынайы ақпараттың болмауы ұйымның қаржылық жағдайына кері әсерін тигізеді. Себебі, біріншіден, экономикалық субъект әкімшілігінің оның қызметін жоспарлауға нақты мүмкіншілігі болмайды; екіншіден, ұйымның қаржылық жағдайы көрсеткіштері өзгеріп, есептілікті сыртқы пайдаланушылар шаруашылықтың рентабельділігі мен төлем қабілеттілігі жайлы шынайы ақпарат ала алмайды; үшіншіден, салықтар сомасы өзгереді, ол айыппұл салынуына, ұйымның қаржылық жағдайының нашарлауына алып келуі мүмкін.

Зерттеудің нәтижелерін жүзеге асыру келесіге мүмкіндік береді:

- жедел басқару мен өндірістік қызметті ағымдағы жоспарлау мақсатында ұйымдарда материалдық қорлардың бухгалтерлік есебі мен бақылаудың тиімді жүйесін құруға;

- материалдық қорлардың бухгалтерлік есебі мен оларды бақылаудың тиімді жүйесін пайдаланудың негізінде нормативтік-құқықтық ережелер мен ұйым ішіндегі ережелердің бұзылуын қысқартуға;

- материалдық қорлардың бухгалтерлік есебі бойынша әдістемелік және нұсқаулық материалдарға өзгерістер енгізуге және оларды тәжірибелік қызметте пайдалануға.

Бухгалтерлік есептің сауда мекемелері мен кәсіпорындарын басқару құралдарының бірі ретіндегі рөлі ең алдымен оның басқару шешімдерін қабылдауға қажетті олардың сауда-қаржы қызметтерінің көлемдік және сапалық көрсеткіштері туралы экономикалық ақпараттардың негізгі көзі болуымен анықталады. Осы ақпараттардың көмегімен көтерме және бөлшек саудадағы қорлар операцияларының бухгалтерлік есебінің келесі негізгі мақсаттары орындалады: сауда мекемесі мен кәсіпорындарының басшылығын көтерме және бөлшек қорлар оралымының нақты көлемі мен мұнан әрі өсу резервтері туралы ақпараттармен қамтамасыз ету; материалдық жауапты тұлғалардың қорларды уақытында және толық қабылдап алуын бақылау; тауар қорларының жай-күйі мен сақталуын бақылау.

Қорларды есепке алудың тиімділігін арттыру үшін қазіргі заманғы басқару әдістемелеріне негізделген қорларды басқарудың озық әдістерін қолдану қажет. Қазіргі уақытта ең танымалдары- сатып алу процедураларын оңтайландыру, жеткізушілермен қарым-қатынасты басқару, автоматты есептер шығару, ең нашар тәуекелдерді анықтау үшін тәуекелдерді бағалау матрицасын құру арқылы тәуекелдерді бағалауды жүргізу және оларды шешу жолдары, тұрақты аудит, тауарлы-материалдық құндылықтарды іріктеп бақылау және үнемді өндіріс стратегиясы.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Абжанова Е.С., Никулина С.Н. Анализ обеспеченности организации материальнопроизводственными запасами // Вопросы устойчивого развития общества. – 2020. – № 3-2. – С. 489-495.

2. Адаменко А.А. Оценка материально-производственных запасов в бухгалтерском учете коммерческих компаний / А.А. Адаменко, Т.Е. Хорольская, Л.В. Зубова // Естественногуманитарные исследования. - 2019. - № 24 (2). - С. 88-93.

3. Э.М.Адиетова, С.Б.Альдешова Бухгалтерлік есеп: оқу құралы. Нұр-Сұлтан: Е.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021, 341б.

4. Ахметова Г.Т., Альдешова С.Б., Отешова А.К. Учет и анализ движения ТМЗ в хозяйствующих субъектах Республики Казахстан Журнал «БУХУЧЕТ В СТРОИТЕЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ» № 03 (192) 2020